

АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№23 (137) 22 мамыр 2026 жыл

СЪЕЗД

5 жылдық жоспар нақтыланғы

Үстіміздегі жылдың 16 мамырында Астанада бес жылда рет өткізілетін Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің XI съезі өтті. Бұл іс-шараға еліміздің барлық өңірлерінен 120 делегат қатысты, Съезд «Samruk-Kazyna Trust» қоры қаржыландыратын «Тағлым» жобасы аясында ұйымдастырылды. Іс-шараға еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев қатысып, қатысушыларды съездің ашылуымен құттықтады.



Съезд басталар алдында қонақтар мен қатысушылар үшін сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге Алматы, Сарайшық және Сарыарқа аудандары қатысты. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының шығармашылық үйірме жетекшілері Айгүл Еркінқызы, Жібек Серікқызы және Қыдыр-күл Орымбайқызы өз қатысушыларымен бірге қолөнер туындыларын ұсынды. Көрмеге дайындық жұмыстары бір ай бойы жүргізілді. Көрмеде тоқыма тоқу, папье-маше, нитрография, бисермен тоқу және кілем кестелеу

бағытындағы жұмыстар қойылды. Әрбір бұйым қатысушылардың шеберлігі мен шығармашылық ізденісін көрсетті. Әсіресе ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдары қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырды. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Кілем тоқу», «Ұршық үйіру» үйірмелері мен «Әжелер 80+» клубы да белсенді жұмыс істейді. Бұл бағыттар аға буын өкілдерінің ұлттық қолөнерді сақтап, шығармашылық қабілеттерін дамытуына және қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

ҚҰРМЕТ

Арамыздағы арға азамат егі

Кейбір сөздер уақыттан озады, кейбір ойлар иесі өмірден өтсе де өз құнын жоғалтпайды. Көгер жарығы осы күнге жеткені солай болды ма, төмендегі мақаланың авторы Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Меңдебаевтың осы

материалы газеттің кезекті санына әзірленіп жатқан тұста бақилық болып кеткенін үлкен өкінішпен естідік. Оның елге айтар ойы мен аманат сөзін, тағлымды ой-толғамын қалың оқырманға жеткізуді жөн көрдік, парыз санадық. Бұл әрекетіміз автор рухына деген құрметіміз болсын. Оның қаламынан туған бұл соңғы еңбегі артында қалған рухани мұрасының бір көрінісі болмақ. Оның жарқын бейнесі жүрегімізде сақталары анық.

Қазыналы қариялар әлі қатарда

Ардагерлер ұйымы-қоғамдағы тұрақтылық пен ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін, ұлттық құндылықтарды сақтауда ерекше рөл атқаратын маңызды қоғамдық құрылым. Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйым жарғысына сәйкес жүзеге асырып келеді. Бүгінде ұйым құрамында 24 ауылдық округтің ардагерлер кеңестері, аналар кеңесі мүшелері және «Алатау жастары» ұйымы бар. Жалпы саны – 145 адам. Ұйымның негізгі мақсаты-ардагерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың қоғамдағы белсенділігін арттыру және жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру.

ның жастармен жұмыс жүргізуді нығайту мақсатында ауданда «Алатау жастары» ұйымы құрылды. Бұл жұмыстың бағыты ардагерлердің өмірлік және еңбек тәжірибесін жастарға үлгі етуге, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға негізделген. Осы мақсатта білім беру ұйымдарында «Ерлік сабақтары», кездесулер өткізіліп, ардагерлердің өмірлік тәжірибесі жастарға үлгі ретінде насихатталуда. Жыл сайын дәстүрге айналған 15 ақпанда Ауған соғысы ардагерлерін еске алу іс-шараларында және білім беру ұйымдарында жастармен кездесулер өткізіліп, ардагерлердің өмір жолы, еңбек пен ерлікке толы тағдыры үлгі ретінде насихаттау жұмыстары жүргізіледі.

мақсатында аудандық шахмат, дойбы ойындарынан байқаулар өткізіледі. Соның нәтижесінде аудандық ең мықты Матыбұлақ, Қарғалы, Ұзынағаш ауылдарының ардагерлері облыстық байқауына қатысып жүлделі орындарымен оралып келді. Ардагерлер экологиялық бағытта да жұмыстар жүргізуде. 2024 жылдың сәуір айынан бастау алып, қазіргі уақытта елімізде кеңінен қолдау тапқан «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы бағытында да ардагерлер жастармен бірігіп бірнеше ірі акциялар өткізді. Мысалы жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойы аясында Жамбыл ауылының ардагерлерінің қатысуымен ақынның музейі аумағында 180 түп ағаш отырғызылды. Бұл – тек бір күндік акция емес, келешек ұрпаққа қалдырар жасыл мұра, табиғатқа

2023 жылы 25-тамызда Жамбыл аудандық мәдениет үйінде «Баталы ел көгерер», «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» атты Алматы облыстық ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен іс-шара өтті. Бұл іс-шараға 250 адам қатысты.



Аудан бойынша 2025 жылдың соңына 1 ҰОС ардагері, 201 тұл еңбеккері, 120 Ауған соғысы ардагері және басқа да санаттағы ардагерлер тіркелген. Олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту-басты міндеттердің бірі. Мәселен, ҰОС ардагеріне жыл сайын облыстық және аудандық бюджеттен әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Ауданда ҰОС ардагері Ковалев Федор Емельяновичке жылда облыс бюджетінен 2 млн теңге көлемінде біржолғы жардемақы, ал аудан бюджетінен коммуналдық төлемдерге 70 мың теңге бөлініп тұрады. Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай 9 мамыр күні Федор Емельяновичке Қонаев қаласынан пәтер кілті табысталды. Сонымен қатар 233 тұл ардагерлеріне 50 мың теңге көлемінде бір реттік әлеуметтік көмек көрсетілді, 80 жылдық мерекелік медальдар тапсырылды.

эскери бөлімде жас сарбаздар, мектеп оқушылар және аудандық ардагер төрағаларымен бірлескен ашық есік күні өткізілді. Бұл кездесу жастардың отансүйгіштік сезімін арттырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеуде маңызды рөл атқарды.

деген жанашырлықтың нақты көрінісі. «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында апта сайын ауданның барлық елді мекендерінде сенбіліктер мен көгалдандыру акциялары өткізуге біздің ауданның ардагер ұйымының мүшелері үнемі атсалысуда.

Сонымен қатар жыл сайын 1 қазан-қарттар күніне орай ардагерлерге арналған салтанатты жиындар тұрақты өткізіледі. Қарттар күні, Наурыз мерекесі сияқты атаулы күндерде барлық ауылдық округтерде іс-шаралар ұйымдастырылып, белсенді ардагерлерге құрмет көрсетіледі.

Сонымен қатар ардагерлердің қоғамдық өмірге қатысуын кеңейту мақсатында әлеуметтік, мәдени және спорттық іс-шаралары ұйымдастырылады. Жыл сайын ауданымызда ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу, бата беру өнерін насихаттау және оны жас ұрпақтың бойына сіңіру, халық ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәнін кеңінен таныту мақсатында ауданда ардагерлер арасында «Батағөйі» бата беру байқауы өткізіледі, жеңімпаздары Алматы облыстық байқауына қатысып, жүлделі орынға ие болып қайтады. Мысалы биылтырғы жылы Жамбыл ауылының қариясы жүлделі орынға ие болды. Ардагерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, зияткерлік қабілеттерін дамыту және салауатты өмір салтын насихаттау

Ардагерлер ауданның қоғамдық-саяси өміріне де белсенді қатысады. Мысалы 15 наурыз күні өткен республикалық референдумға Жамбыл аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ ауданға қарасты 24 ауылдық округтегі ардагерлер кеңестерінің құрамдары белсенді түрде қатысып, елдің қоғамдық-саяси өміріне бейжай қарамай, маңызды шешімдер қабылдауға атсалысатынын көрсетті. Бұл жетістіктер-ауданымыздағы барлық ардагерлердің бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Батырхан МЕНДЕБАЕВ,
Жамбыл ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Тағзым етеміз

Талғар қаласындағы Жеңіс саябағы аумағында Ұлы Жеңіс күніне орай Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.



Іс-шараға аудан басшылығы, ардагерлер, жастар және қала тұрғындары қатысты. Қатысушылар Отан үшін жанын қиған боздақтардың рухына тағзым етіп, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Мерекелік шара барысында аудан әкімі жиналған қауымды Ұлы Жеңіс күнімен құттықтап, бірқатар азаматтарға марапаттар табыстады. Сонымен қатар, әндер шырқалып, мерекелік концерт ұйымдастырылды. Бұл - батырлар ерлігіне көрсетілген мәңгілік құрметтің айқын белгісі. Біз бейбіт өмір мен ашық аспан үшін күрескен батырларымызға әрдайым құрмет көрсетіп, олардың рухына тағзым етеміз.

М.БЕКБОСЫНОВ,
Талғар аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Майдангерлерге көше атауы берілді



Кеген ауданында Ұлы Отан соғысында ерлік көрсетіп, Отан үшін от кешкен бабаларымыздың құрметіне Кеген ауылына жаңа көшелер берілді.

Олардың қатарында Бегімбетов Нұрмұханбет, Оңғарбеков Оразша, Сыбантаев Бекен, Дауталиев Сарсенбай, Жылгелдиев Ибраһымбай, Буланбаев Арғынбек секілді аталарымыз бар. Олардың есімдері ел есінде.

Көшенің берілу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Кеңес Қабылбеков сөз сөйлеп, Ұлы Отан соғысы кезінде ауданымыздан 6700 дей азаматтардың Отан қорғауға аттанғаны, олардың тең жартысы майдан даласында қаза болғанына тоқталды. Мұнан кейін сөз алған Отан соғысы ардагерлерінің ұрпақтары әкелерінің майдан жолындағы ерліктеріне тоқталды. Көше беру салтанатында ән аспандап, музыка ойналды.

Шыңғыс ТҮРСЫНОВ,
Кеген аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Майдангерлерге құрмет

Ұйғыр ауданында Ұлы Отан соғысының 81 жылдығына орай майдангерлерге арналған ескерткіш маңында тағлымды шара өтті.

Аудан әкімі Б.Елеусізова жиналғандарды Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтап, көзсіз ерлік көрсеткен майдангерлердің өнегелі өмір жолдарына қысқаша тоқталып, жиналғандарды мерекемен құттықтады. Шараға қатысушылар ҰОС-ның ардагерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Осы шарадан соң аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері Е.Нұрсейтов, О.Мушрапилов, «Асыл ана» қоғамдық ұйымының төрайымы Н.Байсеркеева ауданымыздың Бахар ауылында тұрып жатқан ҰОС-ның ауданымыздағы жалғыз ардагері Кебиоров Алым ақсақалдың үйіне арнайы барып, құттықтап, тұрмыс жағдайымен танысып, тарту-таралғы жасады. Сонымен бірге Бахар ауылында тұратын тұл ардагері С.Асанова апайдың, Шонжы ауылында тұратын тұл ардагерлері Р.Гапарова, К.Камердинова, Ш.Бижанованың да үйлеріне арнайы барып, тұрмыс жағдайларымен танысып қайтты. Ардагерлеріміз ризашылықтарын білдіріп, рахметтерін айтты.

Ербол НҮРСЕЙТОВ,
Ұйғыр аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

● ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 81 ЖЫЛ!

Көпшілік назарына ұсынылды

9 мамыр – Жеңіс күніне орай Шамалған ауылдық округіндегі мәдениет үйінің алаңында тағылымы мол мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, концерттік бағдарламалар көпшілік назарына ұсынылды.

Бұл күн ел тыныштығы мен бейбіт өмір үшін жанын қиған батырларды еске алып, ерлікке тағзым ететін ерекше күн болды.

Мерекелік шара барысында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы батырлардың бейнесі бейнеленген баннер орнатылып, ер есімі – ел жадында екенін тағы бір мәрте айқындады. Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтары қойылып,

боздақтарды еске алуға бір минуттық үнсіздік жарияланды.

Шамалған ауылдық округінің әкімі Н.Жолдасбеков жиналған қауымды Жеңіс күнімен құттықтап, батырлардың ерлігі ешқашан ұмытылмайтынын атап өтті. Өз кезегінде ауыл ақсақалдары ақ баталарын беріп, ел бірлігі мен ұрпақ амандығына арналған жүрекжарды тілектерін жеткізді.

Жеңіс мерекесінде ауылымыздың тыл еңбеккерлері де назардан тыс қалған жоқ. Олардың қажырлы еңбегі мен төзімі бүгінгі бейбіт өмірдің негізі екені айтылып, 18 тыл ардагерінің шаңырағына арнайы барып, денсаулық жағдайлары сұралды. Әрқайсысына әкімшілік тарапынан азық-түлік себеттері табыстылып, құрмет көрсетілді.

Ардақты аға буынға көрсетілген бұл сый-құрмет – кейінгі ұрпақтың өнегесі мен парызы. Оларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығы мен берекелі өмір тілейміз.

Сағат МӘСІМАҚЫНОВ,
Қарасай ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы.



Майдан даласына байланысты жалғазан

Екінші дүниежүзілік соғыс – адамзат тарихындағы ең қаһарлы соғыстың бірі. Биыл осы соғыстың Кеңес Одағының жеңісімен аяқталғанына 81 жыл толып отыр. Бұл мереке – бейбіт өмірдің бағасын ұғындыратын, өткеннің қасіреті мен ерлігін қатар еске салатын, болашаққа сеніммен қарауға жетелейтін қасиетті күн. Сол бір сұрапыл жылдар алыстағанымен, оның салған жарасы әрбір отбасының жадында, әр жүректің түкпірінде. Бейбіт күн үшін қаншама ерлер өз жастығын құрбан етіп, қаншама аналар көз жасын төкті. Осындай тағдыр иелерінің бірі – Бектай Бейсембаев.

Бектай Бейсембаев 1920 жылы Қызылорда облысы Шилі ауданы Керделі ауылдық округінде дүниеге келген. Оның өмір жолы – ерлік пен табандылықтың, намыс пен отансүйгіштіктің айқын үлгісі. 1940 жылдың 5 қыркүйегінде Қызыл армия қатарына алынған. 1941 жылы қан майданның алғы шебіне аттанады. Әскери мамандығы – аға телефонист. Бұл – сырт көзге қарапайым көрінгенімен, майдан даласында аса маңызды, әрі қауіпті қызмет. Өйткені байланыс – соғыстың құрметіміз. Байланыс үзілсе, бұйрық жетпейді, бұйрық жетпесе, тұтас әскер тағдыры қыл үстінде тұрады. Сондықтан әкем Бектайдың әрбір қадамы өмір мен өлімнің арасында болған.

Ол Мәскеуде әскери училищені бітіріп, кәсіби білімін шыңдаған жауынгер ретінде №844 атқыштар полкінің құрамында жүріп, жаумен қиян-кескі шайқастарға қатысты. Майдан жолы Мәскеу түбіндегі шайқастардан басталып, Польшаны азат ету арқылы Берлинге дейін жалғасты. Ефрейтор шенін алды. Осылайша оқ пен оттың ортасында жүріп, жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты. Соғыстың ең ауыр сәттерінде де өз міндетін адал орындап, талай сыннан сүрінбей өтті. Бір ұрыста ауыр жарақат алып, госпитальде емделіп шығып, майданға қайта оралып, күресін жалғастырған. Бойындағы қайсарлық пен жігер, Отанға деген адалдық оны ешбір қиындыққа мойытпады.

Соғыстың сұрапыл жылдарында оның басынан өткен оқиғалар адам сенгісіз ерліктің үлгісі десем, артық айтқандық болмас. Бірде ол оқ жаңбырша жауып тұрған сәтте жердегі ойдым-ойдым шұңқырларды паналап, еңбектеп жүріп, үзілген байланысты тапқан. Шөптің арасынан сымды тауып, оны тісімен жалғап, бөлімшеге қажетті байланысты қайта қалпына келтірген. Бұл – өмірін қатерге тігіп жасалған ерлік. Ол үнемі Құран кітабын алып жүретін. Сұрапыл соғыста да қасиетті кітапты кеуде тұсында сақтаған. Бір шайқаста жаудың оғы дәл кеуде тұсына тиеді. Бірақ аман қалады. Бұл жайында: «Қасиетті кітаптың құдіреті ме, кім білсін...» деп қысқа қайыратын. Бұл оқиға – оның өміріндегі ең тылсым, ең әсерлі сәттердің бірі. Бұл тек кездейсоқтық па, әлде сенімнің күші ме? Оны әркім өз өзінше түйсінеді.

Бала кезімізде біз әкемізден соғыс туралы жиі сұрайтынбыз. Бірақ ол бұл тақырыпта сөз қозғағанды ұнатпайтын. Кейде ғана естеліктердің ауыр жүгі жүрегін қысып, өткен күндерді еске алғанда көзіне жас алып, баяу ғана сыр шертетін. Ол бейбіт тұрғындарды құтқару үшін уақытпен жарысқан сәттерін, жаудың қатыгездігін, майдандас достарының көз алдында қаза болғанын айтып, ауыр күрсінетін. «Жеңіске жеттік деп қуанып жатқанда, талай жауынгер ми-нағала түсіп, көз жұмды...» деген сөздері оның жүрегіндегі жазылмас жараны аңғартатын.

Соғыс аяқталған соң, әкем елге оралып, бейбіт өмірге араласады. Анамыз Ұржанмен отау құрып, берекелі шаңырақта 9 баланы тәрбиелеп өсірді. Бізге ешқашан қатты сөйлеп көрген емес. Оның жанарынан төгілген жаймашуаққа толы жылылық пен мейірім ұмытылмастай өз ізін қалдырды. Бізге адалдықты, еңбексүйгіштікті, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйретті.

Кеудесінде жарқыраған «Ерлігі үшін» I дәрежелі ордені мен «Венгрия мен Германиядағы жеңісі үшін» медальдары – оның батырлығының айғағы. Бірақ әкем ешқашан соғыс туралы әңгіме айтпайтын. Әкем 1992 жылы өмірден озған кезде 21 жаста едім. Өмір жолым тереңірек танып үлгермегеніме өкінетін кездерім бар. Бүгінгі таңда бір қауым елге айналған біздер әкеміздің өнегелі өмірін әрдайым мақтан тұтумен келеміз.

Қазіргі таңда соғыс ардагерлерінің қатары өте сиреп қалды. Майдангерлердің әрбір естелігі – баға жетпес мұра. Біз сол мұраны қадірлеуіміз керек. Өйткені тарихты құрметтеу – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағыт. Ардагерлердің ерлігі – бүгінгі бейбіт өмірдің іргетасы. Ерлік ешқашан ескірмейді. Ол – уақыттан биік, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мәңгілік құндылық. Әкеміз Бектай Бейсембаев сынды ерлердің өмір жолы – ұрпақ үшін үлгі әрі аманат. Ал, аманатқа адал болу біздің қасиетті борышымыз деп білемін.

Гүлмира БЕЙСЕМБАЕВА,
Алматы облыстық білім басқармасының әдіскері.
Қонаев қаласы.

БАЛҚАШТАН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІНГІ ЖОЛ

Майдан даласында қан кешіп, қантөгісті көзбен көрген батырларымыздың дені «келместің кемесіне» мініп, мәңгілік мекенге қоныс аударды. Соның бірі менің әкем - Телтай Бейсембаев. Соғысқа бастан-аяқ қатысып, Берлиндегі соңғы қанқасап ауыр шайқастарды басынан өткізген батырлардың бірі. Туған жерге жеңіс туын желбіретіп, аман-есен оралғанымен, соғыста алған жарақатынан небәрі 37 жасында өмірден озып, сағынышын бізге қалдырып, ата-бабаларымыздың көшіне ілесіп кете барды.

Ол 1919 жылы Жетісу уезі Іле-Балқаш болыстығының ескі Бақбақты ауылында шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі Байділдаев Бейсембай мен анасы Құндызай. Анасы 16 құрсақ көтерген, олардың ішінде 3 ұл мен 2 қыз кәмелеттік жасқа жеткен. Қалғандары бала кезінде шетінеп отырған.


Әкем Телтай 1938 жылы әскер қатарына шақыртылып, мерзімі бітіп енді елге қайтамын деп тұрғанда, 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес одағына тұтқиылдан соғыс шабуыл жасап, алапат соғыстың ортасынан бірақ шығады. Алғашқы жорық жолдары Молдавияның аумағында 1941 жылдың 2 шілдесінен басталып, 1941 жылдың қыркүйек айынан 1942 жылдың мамыр айына дейін Оңтүстік-Батыс майданында, 1942 жылдың мамыр айынан 1942 жылдың желтоқсан айына дейін Солтүстік-Кавказ майданында, 1944 жылдың 22 ақпанынан 1944 жылдың 22 наурыз айына дейін 4-ші Украин майданында, 1944 жылдың 24 сәуірінен 1944 жылдың 15 тамызына дейін 1-ші Беларусь майданында небір ауыр, қиян-кескі шайқастарды басынан кешіреді.

1945 жылы 23-25 сәуірі аралығында Берлин қаласында болған көше арасында болған шайқаста көрсеткен ерлігі үшін әкем 1945 жылы 5 мамырда КСРО Жоғары Президумының Жарлығымен екінші рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталыпты. Бұл марапатқа ұсына отырып, 1 Беларусь майданы Суворов орденді 282 гвардиялық истребитель-танкке қарсы артиллериялық полкінің командирі былайша анықтама берген екен: «Зам. наводчика орудия 3 батарея гвардии-сержанта Бейсембаев Телтай за то, что в уличных боях в гор. Берлин с 23 по 25 апреля 1945 года, огнем прямой наводки своего орудия в составе расчета уничтожил 15 немцев, 2 пулемета и подавил огонь 2-х огневых точек»

Соғыс аяқталғанымен әкемді әскерден босатпай, 1947 жылға дейін Германияның Галле қаласында коменданттың орынбасары болып жұмыс істеуге қалдырыпты.

Бейсембай ағамыз бен Құндызай апамыздың әкем Телтайдан басқа Оразбай (1923), Оразбек (1926) деген екі ұлы да соғысқа қатысқан. Оразбек 18 жасқа толмай өз еркімен сұранып, 1943 жылы майданға аттанпты.

Ағамыз Бейсембай өте еңбеккер адам болған екен. Қолынан көп нәрсе келетін шебер ұста, балықшы, шығыр жасап Іледен су тартып, ауылдың малын сумен қамтыған. Ерекше қасиеті – қобызшылығы



дейтін көзін көрген қариялар. Кенже ұлы Оразбектің де соғысқа кеткенін естіп, қайғыланып біраз уақытқа дейін түнімен қобызын тартуын қоймапты. Күндердің күнінде көршісі Малыбайға атаға қобызын беріп тұрып: «Мен енді Оразбекім соғыстан аман келгенше қобызды қолыма ұстамаймын, сенде болсын» депті. Өкінішке орай күткен Оразбекке жат жерден топырақ бұйыры.

Әкеміз ұзын бойлы, денелі азамат болған. Соғыстан 1947 жылы аман-есен оралып, анамызбен бас қосып, шаңырақ көтерген. Анамыз Мамықбала Қожахметова бауырлары Молдахмет пен Молдагерім үшеуі балалар үйінде өскен. Ата-анасы ашаршылық кезінде қайтыс болған. Анамыздың екі бауыры да шайқас даласынан оралмады.

Анамыз алты құрсақ көтергенімен бір ұлы мен екі қызы жас кездерінде қайтыс болыпты. Әкеміз 1956 жылы 37 жасында дүниеден озғанда, Айнакүл тоғызда, мен төртте, кіші інім Шаймұханбет екі жаста ғана еді. Жас болғандықтан әкеміздің жорық жолдары туралы анамыздан, замандас құрдастарының айтуынша еміс-еміс білген болдық. Ол кездері соғыс ардагерлері де бастарынан өткергендері жайында әңгіме айтпайтын. Бала болған соң оған көп назар да аудара қоймадық. Ес жиып ат жалын тартып мінген шағымызда, әкеміздің қаттарластары өмірден өтіп кетті.

Әпкем Айнакүлдің ойында қалған бір кезенді есіне ала әңгімелеген еді. Ол кезде

кіші інім өмірге келмеген, менің енді ғана еңбектей бастаған кезім екен. Кешке жатар кезді әпкеміз әкемің денесіне тиген оқтың орнын, тыртықтарын санайды екен. Он бір оқтан қалған тыртықты айтқаны есімде. Кейіннен Кеңес Армиясы Қорғаныс министрлігінің орталық архивіндегі сақталған құжаттар жайлы «Память народа» сайтынан әкем туралы біраз құжаттарды тапқанымда, әкемің төрт рет 4.07.1941, 8.11.1941, 5.05.1942, 12.12.1944 жылдары жараланғанын және контузия да алғанын білдім.

Сол архивтің 33 қор, 690155 тізбесі, 34636054 жазбасында 13.08.1944 жылы «II-дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталғаны жайында 256 миномет полкінің командирі Горунов: «13.08.44 г. работая командиром миномета сержант Бейсембаев Телтай точным огнем своего миномета поддерживал нашу пехоту занял высоты 17,9. В результате чего уничтожил до отделеции пехоты и подавил 1 станковый пулемет.

Достоен правительственной награды ордена «Отечественная война II степени» деп ерлігін ескеріп, жоғары қолбасшылыққа наградаға ұсынған.

Тағы да бір архив құжатында 69 армияның 256 миномет полкінің №015/н бұйрығында: «Командир расчета-сержанта Бейсембаев Телтай за то, что в боях 21 и 22.06. 1944 года под артиллерийским огнем противника хладнокровно и точно командовал своим расчетом, точно кладя мины в цель. Его миномет уничтожил один станковый пулемет и участвовал огнем в отражении семи контратак противника» деп жазылып, әкем «Ерлігі үшін» медалімен марапатталыпты.

Әкем «Қызыл жұлдыз», «II-дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, 2 рет «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияның жеңгені үшін» медальдарымен және «Гвардия жауынгері», «Артиллерия үздігі» төсбелгілерімен марапатталған. Анам Мамақбаланың айтуынша: «Әкем соғыстан оралғанда, кеудесі орден мен медальдарға толы, «менің-ақ жарым болатын жігіт» деп қыздар, келіншектер қызыға қарайтын» дейтін.

Атам Бейсембай сияқты әкем де өте еңбеккер болыпты. Балық аулап көрші-қоланға, туыстарға көмек қолын созып отырған. Түнімен балық сүзіп, таңертең келгенде оны жан-жаққа таратып, бізге сазаннан сорпа жасап, маринка балықты сексеуілдің шоғына майын тамызып қақтап беретіні әлі есімінен кетпейді.

Әкем небәрі 37 жасында соғыстан алған жарақатынан өмірден ерте қайтты. Асыл да аулы әкемді әркезде сағынышпен еске аламын.

Ермұханбет БЕЙСЕМБАЕВ,
Балқаш ауданының Құрметті азаматы.
Балқаш ауданы, Бақанас ауылы.

● ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРЛАНДАРЫ

Азамат туралы аздаған сыр

Халқымыздың сан ғасырлар күресіп армандап жеткен Тәуелсіздік жылдарында аянбай еңбек етіп, еліміздің дамуына үлес қосқан алдыңғы толқын ағаларымыз бен аналарымыз жетерлік. Солардың бірі – ауданымыздың тумасы, қазақтың тұма жырлы Тұманбай ақышы «Тау баласы тауға қарап өседі» дегендей, Суықсай ауылдық округіне қарасты Ақтөбе ауылының арда азаматы, өзі еңбек жолымен туған жерінен алыста жүрсе де «Туын туған жеріне тігіп», ауылын аңсап тұратын үлкен жүректі ағамыз Кебекбаев Жұмағали Тұрсынұлы.

Талғардағы өзі қызмет етіп, басшылық жасаған «Талғар политехникалық колледжінің» көшесіне Ақсудың ардақтысы Барлыбек Сыртановтың есімін беруге мұрындық болды. Қазір Талғар осы ағамыздың көшесімен бастау алады. Бұған қалай мақтанбаймыз?! Сондықтан осы ағамыз жайлы жазайын дегенімде Жұмағали ағамыздың енді жазылып жатқан, жақында жарық көретін «Өмір өткелдері» кітабының түпнұсқасы қолыма тиіп, басынан аяғына дейін оқып шықтым. Дүниеде ақшаға сатып алуға болмайтын құндылықтар бар, соның ішіндегі маңыздысы – денсаулық пен адамгершілік, ар-ождан. Осылар болмаса байлық та, билік те түкке тұрмайды», - деген сөзі көңіліме қатты ұнады. Менің бүгінгі «Тәуелсіздік тарландары» айдарымен жазғалы тұрған мақаламның кейіпкері жерлесіміз, Ақсуды «Меккем», Талғарды «Мединем» деп санайтын, Талғар ауданының «Құрметті азаматы», Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, спортшы, қажы Жұмағали Тұрсынұлы Кебекбаев та-осы сөзді өзіне ұран еткен, осындай

абырой беделге өзінің адал еңбегімен жеткен азаматтардың бірі.

Оның өмірі мен еңбек жолын қажырлы еңбекпен, өмірлік ұстанымына адалдықпен, кешегісі мен бүгінгі және болашағын мызғымас жіппен сабақтастыра отырып, мұратқа адалдықпен өрлегенін айта кеткен жөн. Ол 1953 жылы 16 мамырда бұрынғы Қапал ауданына қарасты «Суықсай» кеңшарында, биік таулы Ақтөбе ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген. Еңбек жолындағы қиындықтарды табыспен және абыроймен жеңді. Бұл оның қасиеттері мен мінез – құлық ерекшеліктеріне байланысты. Алға қойған мақсатқа жетудегі төзімділік, табандылық өмірді жақсартуға деген құлшыныс. Ол еңбек, адалдық, жүйелілік, отбасы, достық, тиімділік, шығармашылық, иновация, спорт сияқты іргелі құндылықтарды ұстанып, өзі жасаған жолмен жүрді. Сондықтан отбасы және спорт-оның өмірлік ұстанымы. Біздің кейіпкеріміз отбасына және отбасылық құндылықтарға құрметпен және сүйсінумен қарайды. Өз бақытын, жан жарын Алматыда кездестірді, аты Клара еді,



мамандығы есепші. Екеуі бірге екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Атасынан адам бойындағы ең жақсы қасиеттерді бойына сіңірген немерелері қазір соның жалғасына айналған. Жұмағали ағамыздың бойында агроном, мұғалім, спортшы, жаттықтырушы, басшы, кәсіпкер, директор сияқты барлық мамандықтар жинақталғандықтан өзінің қасиеттері жағынан ерекше тұлға.

Достық демекші туып – өскен Суықсай ауылындағы Ю.Гагарин атындағы орта мектепті бітіріп, Қапалдағы мектеп-интернатта оқып, кейін әскер қатарында әскери борышын

өтеу кезінде, қазіргі уақытқа дейін ер мінезді, достары көп болды. Солардың ішінде ол өзінің бала күнгі досы, бұрынғы Білім және ғылым министрі, сенатор Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловпен бірге Германияда танк әскерінде де бірге қызмет етті. Оның тамаша жолдас, жауапты және тәртіпті жауынгер болғанын атап өтеді.

Өзі әке, өзі ата болған 70-ке таяған шығында Жұмағали ағамыз «Ес біліп, ат жалын тартқаннан бері әке шешемнен алыста тұрдым, жылына бір рет, ары кеткенде екі-ақ рет келетінмін. Ауылға келгенде де олардың жанында көп болмай, ауылдағы таныстарды, туыстарды аралап, қыдырып кететінмін. Бұл да-бір өкінішім. Ата-анаң сені жыл бойы сағынышпен күтеді, ал сен болсаң олардың мауқын басқанның орнына қыдырып жайына кетесің, Шерхан ағамыз айтпақшы, бір кем дүние...» деп өкінішін, баялықпен, шалалықпен жіберген қателігін даналықпен өтеу мақсатында Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек ардагері әкесі Тұрсын Қалимоллаұлына өзінің туып-өскен, еңбек сіңірген ауылы Суықсайға көше атын беруді жоспарлаған. Оған ауыл жұрты да қолдау білдіруде. Қазақстанның шекарашы генералдарының да Ақсу ауданының әкіміне жазған өтініші де бар. Сондықтан да, Суықсайдан көше атын беруге лайық деп білеміз.

Мамыр айында жетпіс үшке келген азамат туралы айтқанымыздан айтарымыз көп. Алайда, бүгінгі айтқан аздаған сырларымыз осы еді.

Салтанат ДҮЙСЕМБАЕВА.
Талғар аудандық ардагерлер ұйымы.

● ПАМЯТНАЯ ДАТА

Старшее поколение помнит эту печальную дату. 26 апреля 1986 года случилась страшная трагедия на севере Украины. Взрыв 4-го энергоблока Чернобыльской атомной электростанции в ходе проведения проектного эксперимента.



О ЛЮДЯХ С ХРАБРЫМ СЕРДЦЕМ Недавно исполнилось 40 лет со дня Чернобыльской трагедии

Радиоактивное облако накрыло огромные территории, включая земли Украины, Беларуси и России. Около 8,4 миллиона человек подверглись воздействию радиации. В ликвидации последствий аварии на Чернобыльской АЭС приняли участие более полумиллиона человек со всех республик в их числе - 32 тысячи казахстанцев. Основную часть этого контингента составляют военнослужащие, призванные из запаса, и специалисты. Ныне их число, по прошествии многих лет, конечно же, в разы меньше, последствия пребывания в заражённой зоне здоровья им не прибавили.

К сведению читателей: сегодня в 30 странах мира действует до 450 ядерных энергоблоков, а выработка электроэнергии АЭС уже превышает 10 процентов от общего производства электроэнергии. Но обществу важно помнить уроки Чернобыля, что с развивающимися атомными технологиями необходимо быть предельно осторожными и компетентными.

И один из таких людей - живой свидетель, участник ликвидации аварии на АЭС – Нурхайын Мухиддинов. Ныне он возглавляет общественное объединение ветеранов и инвалидов-чернобыльцев Алматинской области. В селе Койган, где он проживает, его пригласили в местную школу.

Вместе с Нурхайыном ага были также общественники, ветераны, тренеры, представители «Асыл Ана», специалисты акимата города Алатау и представители города Конаев, которых приветствовали педагогический коллектив и директор школы № 8 Жулдуз Толеубаева.

Присутствующим продемонстрировали тематически оформленный уголок «Абай ауылы», «Қазақ үйі», с дастарханом, призванным показать традиции гостеприимства и уважения к гостям.

Мероприятие открылось выступлением школьного ансамбля домбристов, исполнившего известный кюй Нургиса Глендиев «Ата толғауы» («Размышления аксакала, дедушки») - о преемственности поколений, традициях и будущем.

Главным гостем вечера был Нурхайын Мухиддинулы, чей жизненный путь и гражданский долг являются примером для молодого поколения. В тяжёлый для страны период он оказался в эпицентре событий – вместе с товарищами ликвидировал последствия аварии на АЭС. Эти люди предотвратили развитие худшего сценария. Когда взрыв оставшегося ядерного топлива под разрушенным реактором мог привести к мощному, в сотни раз превышающему допустимые нормы выбросу радиоактивных веществ, это сделало бы огромные территории Украины, Беларуси и Европы совершенно непригодными для жизни и привело бы к глобальной экологической катастрофе.

Учитель казахского языка и литературы Айна Агибаева выступила с докладом и прочитала стихотворение, посвящённое героям, - «От жүректі батырлар» (Герои с огненным сердцем).

Вот его выдержки в вольном переводе на русский язык:

«Смелые, рождённые с храбрым сердцем, Сильной волей защитившие человечество! Герои Чернобыля – люди с отважной душой. Ваш подвиг останется в памяти народа».

Ветераны поделились своими мыслями, поблагодарили за приглашение на мероприятие и пожелали слушателям вырасти достойными гражданами страны. В конце встречи состоялась памятная фотосессия.

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
по информации из СШ № 8
микрорайон Койган города Алатау

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

«Ұзын шаш - ұлт көркі» байқауы

Қазақ халқы ежелден бері қыз баланың тәрбиесіне тәлімдік жағынан айырықша мән берген. Қыздардың балғын да балауса шағынан бастап олардың тұла бойындағы адамгершілік асыл қасиеттеріне қазақи салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, салт-сананың берік қалыптасуына талап тұрғысынан қараған. Тоқпақтай бұрымдары тобығына дейін түсіп тұрған шашы ұзын қыздарға ерекше құрметтерін көрсетіп тұрған.

Жақында жан жадыратарлық жағымды жаңалықтың куәсі болдық. Ұмтыл ауылдық округіне қарасты Мерей ауылының мәдениет үйінде ауылдық «Асыл ана» қоғам-

өзінің айшықтылығымен көптің назарын аударып үлгерді.

Бұл орайда осы байқауға қатынасуға келген оқушы қыздардың дайындықтары да мін таппастай



дық бірлестігінің ұйымдастыруымен жоғарыда аталған «Ұзын шаш - ұлт көркі» атты тақырыпта кеңейтілген ауқымда кең бағдарламалы ұтымды іс-шара болып өтті.

Аталған шараның ауқымына аудан көлеміндегі мектептердің жоғары сынып оқушылары қатынасып, ұзын шаш өсіру мәдениетіндегі жетістіктері ғана емес, қыз балаға тән имандылық пен ибадаттық, кішіпейілділік пен қарапайымдылық, әр саладағы өнерлілігі мен шеберлігі, білімдарлығы мен біліктілігі, ән мен биге ынтызарлығы, жақсы мен жаманға қалай қарайтындығы, сабырлылығы мен салмақтылығы, ізеттілігі мен ілтипаттығы сарапқа салынып, байқаулық бәсекеге жалғасты.

Осынау мәні мен маңызы бөлекше байқауға аудандағы, ауылдардағы зиялы қауым өкілдері, ақ жаулықты аналар мен қадірменді қариялар, ата-аналар, ұстаздар мен мектеп оқушылары қалмай қатынасты десе боларлық. Атаулы байқауды ұйымдастырушылар біраз уақыттан бері табандылықпен шығармашылық ізденістер жасағаны бірден көзге ұрып тұрды. Тақырып аясында қамтылған көріністердің өзі лайықты сән салтанатымен барынша баурап алды. Ұлттық құндылықтың бір саласы болып табылатын бұл мәселе

өте тамаша болды. Олардың әрқайсысы өз тараптарынан бәсекеге сайма-сай екендіктерін көрсетті. Олардың тек ақылына көркі сай ғана емес, үстеріне киген ұлттық киімдері шеттерінен жарасымын тауып, ұнасымды кейіп-келбетімен жанарды жаулап алады. Шаштарындағы шашбаулары мен шолпылары, қолдарындағы, құлақтарындағы әшекейлері де әдемілігімен, әсемдігімен бойларына құйып қойғандай тартымдылығымен таңдай қақтырады.

Бұл жерде осы Ұмтыл ауылдық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Эльмира Сүлейменованың тынымсыз ізденістер жасап, тиянақты жұмыс атқарғанын айта кету артық болмайды. Сол сияқты ауыз толтырып айтарлық игілікті іс-шараға демеушіліктерін көрсетіп, алақандарының ашықтығын, жандарының жұмартығын танытқан ауыл әкімдігі мен жергілікті кәсіпкер, Көлді ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Төрехан Ермекбаевтың, осындағы сән үйінің негізін қалаушы Айжан Отарованың, тағы басқалардың елеулі үлестерін қосқанын мақтанышпен айтуға болады.

Байқау барысына қазылық жасаған, ортақ істе белсенділіктерімен көзге түскен Ұмтыл ауылдық округінің кітапханашысы

Гүлім Базарбаеваның, ардагер ұстаз Бикамал Ушапованың, ауыл ардақтысы Айжан Отарованың байқауға қатынасушыларды барлық жағынан әділдікпен бағалағанына халық қошеметпен қол соғып тұрып, құрметтерін білдірді. Салтанатты жағдайдағы байқауда 90 жасты алқымдап отырған, ауданымыздың Құрметті азаматы, Алматы облыстық ардагерлер ұйымының Құрметті ардагері, ауыл шаруашылығының профессоры, академигі Елтай Хасенов ақсақал сөйлеп, осынау шараның басы-қасында жүргендерге және қатынасушыларға ақ жүрегінен ақтарыла халық атынан алғысын айтып, ақ батасын берді.

Сонымен байқау барысы да мәресіне жетті. Атап айтқанда, бас жүлдені, «Ұлт көркі-2026» атағын Макаренко орта мектебінің 8-ші сынып оқушысы Раяна Меліскызы барлық сынақтардан сүрінбей өтіп, еркіндігімен жеңіп алды. Бірінші орын Алмалыбақ жайлы мектебінің 5-ші сынып оқушысы Аяла Алтынбекке бұйырды. Ал, екінші орын осы мектептің 8-ші сынып оқушысы Айғаным Жақсылық, үшінші орынды әл-Фараби атындағы мектеп-лицейінің 10-шы сынып оқушысы Куәсар Еркөптегі иеленді. Сондай-ақ, «Ең көркем бұрым» номинациясы бойынша әл-Фараби атындағы мектеп-лицейінің 10-шы сынып оқушысы Назерке Бабашева иеленсе, «Ұлттық стиль иесі» номинациясы бойынша Алмалыбақ мектеп-гимназиясының 9-ші сынып оқушысы Әмина Бекен жеңіп алды. «Өнерлі ару» номинациясы бойынша Алмалыбақ мектеп-гимназиясының 9-шы сынып оқушысы Айша Мұратқа берілді. Ал, «Нәзік болмыс» номинациясы бойынша Макаренко атындағы мектептің 9-шы сынып оқушысы Айымай Болатбекова жеңіп алып, жүлдегер атанды.

Осы жерде мына бір тосын жайды айта кеткен артық болмайды. Мұнда бас жүлдені жеңіп алған жеңімпаздың басына қазақы нақышта безендіріліп жасалған әшекейлі тәж тағылды. Ал, басқа жүлдегерлерге осындағы сән үйінің жасаған әсем де әдім қамзолдары кигізілді. Мұның бәрін де Айжан Отарова тарту етті. Сонымен қатар жеңімпаздар басқармай бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бұл байқау елдің есінде қаларлықтай болды.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер
ұйымының төрағасы.
Мерей ауылы,
Қарасай ауданы.

Поздравляем!



Ветераны ВС РК, ветераны военной медицины, коллеги, друзья и сослуживцы поздравляют с 65-летием полковника в отставке Каликова Мурата Асылкановича.

Шестидесять пять - золотой Юбилей!
С праздником славным мы Вас поздравляем!
Счастья, здоровья и солнечных дней,
Долгих лет жизни, успехов желаем!

Ваша душа пусть поёт, как струна,
Сердце волнений и грусти не знает!
Пусть дома ждут Вас и любят семья,
Ценят коллеги, друзья уважают!

Мир ярких красок и полный чудес
Пусть Вам раскроет заветные тайны,
Солнышко ярко сияет с небес,
Манят моря и далёкие страны!

Станислав Федоров,
подполковник медицинской службы запаса,
ветеран ВС РК. г.Конаев

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

КЕЛІНАЕР ШЫҚТЫ САЙЫСҚА

Мамыр айының алғашқы күндерінің бірінде «Асыл ана қоғамдық бірлестігі» Шенгелді ауылдық бастауыш ұйымының төрайымы Хадиса Мақұлбекованың ұйымдастыруымен Шенгелді ауылындағы мәдениет үйінде ұлттық салт-дәстүрді дәріптеуге бағытталған «SUPER келін» атты тағылымы мол келіндер арасындағы байқау өтті.

Бұл шара қазақи тәрбие мен заманауи келін бейнесін ұштастыра отырып, отбасы құндылықтарын насихаттауды көздеген маңызды мәдени кештердің бірі болды. Байқаудың басты мақсаты-жас келіндердің бойындағы инабаттылықты, өнерпаздықты, тапқырлық пен шеберлікті тануға, сондай-ақ, қазақ халқының бай мұрасын кейінгі ұрпаққа үлгі ету.

Кеш барысында қатысушылар өздерін жанжақты қырынан көрсетіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Аталған байқауға 54179 әскери бөлімнен Нұргүл Жабаева, Сарыбұлақ ауылынан Амина Мұратқызы, 86621 әскери бөлімінен Самал Дүйсенова және Сарыбұлақ ауылы орта мектебінің мұғалімі Мөлдір Ахметқалиқызы қатысып, бақ сынасты.



Әрбір қатысушы өз өнерімен, сахна мәдениетімен және ұлттық дәстүрге деген құрметімен ерекшеленді. Байқау бірнеше кезеңнен тұрды. Қатысушылар өздерін таныстыру, ұлттық салт дәстүрді көрсету, аспаздық және қол шеберліктерін көрсету, сондай-ақ,

шығармашылық өнерлерін ортаға салу бойынша сынға түсті. Әр кезеңде келіндердің іскерлігі мен тапқырлығы айқын көрініс тапты. Кеш барысында қатысушылар тек өнер көрсетіп қоймай, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын тағы бір мәрте дәлелдеді. Байқау соңында әділқазылар алқасының шешімімен үздіктер анықталып, барлық қатысушылар арнайы марапаттарға ие болды.

Мұнда тағылымды шаралар жас келіндердің қоғамдағы рөлін арттырып қана қоймай, ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтардың нығаюына зор үлес қосатыны сөзсіз. «SUPER келін» байқауы тек сайыс емес, ұрпақ сабақтастығын жалғатқан, ұлттық болмысты ұлықтаған мазмұнды, мәдени іс-шара ретінде көпшіліктің көңілінен шықты.

Мейрамгүл СЕЙТҚАЗИЕВА,
Қонаев қаласы «Асыл ана»
қоғамдық бірлестігінің
төрайымы.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

МАҚАЛАТ А КӨЛЕМІН ЕСКЕРСЕК...

Ақпараттар ағымының құралы ретінде 2023 жылы қатарға қосылып, ардагерлердің өмірі мен өнегелі жолын насихаттауды мақсат еткен Алматы облыстық «Алатау ардагері» газеті бұл күндері аймақ ардагерлерінің үн қосу трибунасына, мінберіне айналғаны анық.

Осы уақыт ішінде оқырманнан келіп түсіп жатқан мақалалар мен естеліктердің саны артып, газетімізге деген қызығушылықтың жоғары екендігін көрсетуде. Бұл-біз үшін үлкен қуаныш, әрі сенім.

Ардагерлердің газеті болған соң әр ардагер оның беттерін өзіне керегін іздейтіні анық. Газет қазіргі таңда төрт беттік форматта шығуда. Жасыратыны жоқ, газет көлемі шағын болғандықтан келіп түсіп жатқан материалдарды газет бетіне сыйғыза алмай, ардагерлердің сұраныстарын өтей алмай, мүмкіндігінше олар туралы материалды толық, өз уақытында жариялап бере алмай жататынымыз жасырын емес. Соның салдарынан кейбір мақалалар кезегін күтіп, оқырманға кешігіп жетіп жататыны кездеседі.

Осыған байланысты редакция оқырмандардан жіберілетін материалдардың көлемін үш беттен асырмауды сұрайды. Қысқа да, нұсқа, мазмұнды жазылған дүниелер газет бетіне тезірек жарияланып, өз оқырманына уақытылы жететініне назар аударуларыңызды өтінеміз. Жазылған мақаланың көлемі өте үлкен болуына байланысты материалдарыңыз сыймай, бір номерден екінші номерге ығыстырылып, жарыққа шықпай жатса газет редакциясына ренжімеулеріңізді сұраймыз.

Сіздердің белсенділіктеріңіз бен қолдауларыңыз біз үшін әрдайым маңызды. Ынтымақтастығымыз одан әрі жалғасады деген сенімдеміз. Ортақ мақсатта айтылған ескертпелерімізге түсіністікпен қарайды деген ойдамыз.

Құрметпен, «Алатау ардагері» газетінің редакция ұжымы.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Вейпингтің (электронды темекіні қолдану) алдын алу

Қазақстанда электронды пайдалану жүйелерінің (вейптердің) таралуы мен қолданылуының, әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында таралуы мен қолданылуының жоғары қарқыны байқалады.

Вейпинг — электронды темекі, вапорайзер немесе басқа да электронды құрылғылар (вейптер) арқылы хош иісті сұйықтықтарды буландырып, оны тыныс алу жолдарымен ішке тарту процесі. Ол темекі түтінінің орнына құрамында никотин, глицерин, пропиленгликоль және дәмдеуіштер бар аэрозольді (буды) пайдаланады.

Вейпингтің (электронды темекіні қолдану) алдын алу — әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында маңызды әлеуметтік мәселе. Вейптер қауіпсіз емес, олардың құрамындағы никотин мен химиялық заттар денсаулыққа ауыр зиян келтіреді.

Тырысқақ дегеніміз не?

Тырысқақ (холера) — *Vibrio cholerae* бактериясы тудыратын, жіті ішек инфекциясы тобына жататын өте қауіпті, антропонозды (тек адамнан адамға жұғатын) ауру. Бұл дерт қоздырғыш түскен су немесе тағам өнімдерін тұтынған кезде жұғалады.

Тырысқақ қысқа уақыт ішінде ағзаның сусыздануына (дегидратация) әкеліп соқтыратын қасиетімен белгілі және дерт кезінде медициналық көмек көрсетілмесе, санаулы сағаттардың ішінде өлімге әкелуі мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) жіктеуі бойынша, ол халықаралық маңызы бар, ерекше қауіпті инфекциялар қатарына жатады.

Инфекцияның негізгі көзі — тырысқақпен ауыратын адам немесе белгілері байқалмайтын тасымалдаушы. Ауру негізінен фекалды-оралды механизм арқылы келесі жолдармен жұғалады:

- Су жолы: Ең жиі кездесетін жол. Инфекцияланған ағын суларды, құбыр суын немесе ашық су қоймаларының суын қайнатпай ішу, сондай-ақ бұл сумен ыдыс, жеміс-жидек жуу арқылы.
- Тағам жолы: Термиялық өңдеуден нашар өткен немесе лас сумен жуылған тағамдарды (әсіресе теңіз өнімдерін, шикі көкөністерді) тұтыну.
- Тұрмыстық-жанасу жолы: Науқастың жеке заттары

Денсаулыққа негізгі қауіптері:

- Никотинге тәуелділік: Көптеген вейп сұйықтықтарында жоғары дозада никотин бар, ол тез арада тәуелділік тудырады.
- Өкпе аурулары: Вейп буы өкпеге терең еніп, демкіппе, созылмалы бронхит және «вейпер өкпесі» (EVALI) сияқты ауыр өкпе ауруларына әкелуі мүмкін.
- Жүрек-қан тамырлары жүйесі: Никотин мен химиялық заттар жүректің соғуын жиілетіп, қан қысымын көтереді, бұл инфаркт пен инсульт қаупін арттырады.
- Улы заттар: Вейп құрамында корғасын, никель, мыс сияқты ауыр металдар және хош иістендіргіштер бар, олар қызған кезде улы химиялық қосылыстарға айналады.
- Жасөспірімдерге әсері: Вейп қолданатын жасөспірімдердің кәдімгі темекіге көшу ықтималдығы 2-3 есе жоғары, бұл мидың дамуына және зейіннің төмендеуіне әсер етеді.

Алдын алу шаралары кешенді әрекеттерді талап етеді:

(төсек-орыны, ыдысы) арқылы және гигиена ережелерін сақтамағанда (қолды жуау).

Аурудың жасырын (инкубациялық) кезеңі бірнеше сағаттан 5 күнге дейін созылады (көбіне 2-3 күн). Тырысқақтың басты ерекшелігі — іштің ауырмауы және дене температурасының көтерілмеуі (көп жағдайда қалыпты немесе төмен болады).

Негізгі симптомдары:

1. Профузды диарея: Үздіксіз, жиі (тәулігіне 10-20 реттен көп) үлкен дәретке шығу. Нәжіс өзіне тән иіссіз, сұйық, түссіз және «күріш сорпасы» (рисовый отвар) тәріздес болады.
 2. Құсу: Жүрек айнуынсыз, кенеттен басталатын фонтанды құсу. Құсық массасы да уақыт өте келе сұйылып, күріш сорпасына ұқсайды.
 3. Жылдам сусыздану (Дегидратация): Организмнен сұйықтық пен электролиттердің (калий, натрий) көп мөлшерде жоғалуы.
- Диагностика және емдеу
Тырысқаққа күдік туындаған жағдайда науқас дереу инфекциялық стационардың арнайы боксына госпитализацияланады.
- Санитариялық-профилактикалық шаралар
Тырысқақтың алдын алу және оның таралуына жол бермеу үшін мемлекеттік және жеке деңгейде қатаң санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қажет. Жеке профилактика:

1. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары
Шындықты айту: Вейптердің зиянсыз емес, керісінше, оның құрамында улы заттар, ауыр металдар бар екенін түсіндіру.

Тәуелділікті түсіндіру: Электронды темекінің құрамындағы никотин тез тәуелділік тудыратынын және жүйке жүйесін зақымдайтынын жеткізу.

Дизайнға алданбау: Вейптердің тартымды дизайны (флешка, қалам сияқты) оның қауіпсіздігін білдірмейтіндігі, бұл тек маркетингтік айла екенін түсіндіру.

2. Отбасы және мектеп деңгейіндегі шаралар
Ашық қарым-қатынас: Ата-аналар балаларымен вейпингтің қауіптері туралы ашық сөйлесуі, олардың қызығушылықтарын білуі қажет.

Тәрбие сағаттары: Мектептерде вейп тұтынудың алдын алуға бағытталған арнайы тәрбие сағаттарын өткізу.

«Зиянсыз темекі тарту түрлерінің» болмайтынын, ал симптомдардың болмауы организмге зиянды әсер етпейді дегенді білдірмейтіндігін түсінуді керек. Денсаулығыңызды сақтаңыз, Сіздің денсаулығыңыз – сіздің құқығыңыз!!!

• Тек қайнатылған немесе бөтелкедегі қауіпсіз суды пайдалану.

• Тамақтанар алдында, дәретханадан кейін қолды сабынмен мұқият жуу.

• Азық-түлікті (жеміс-жидектерді) қауіпсіз сумен жуып, ет, балық өнімдерін жақсылап термиялық өңдеуден өткізу.

• Эпидемиологиялық қолайсыз аймақтарға (шетелге) саяхаттау кезінде ашық су қоймаларына шомылмау және көше тағамдарынан бас тарту.

Мемлекеттік (Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау) шаралары:

- Ауыз су жүйелерін, су құбырларын тұрақты түрде зертханалық мониторингтен өткізу және хлорлау жұмыстарын бақылау.
- Сырттан (эндемиялық елдерден) келетін азаматтарды шекаралық санитариялық-карантиндік пункттерде бақылау.
- Ауру ошағы анықталған жағдайда дезинфекциялау жұмыстарын жүргізу және байланыста болған адамдарды 5 күнге медициналық бақылауға (оқшаулауға) алу.
- Керектештер бойынша тұрғындарды тырысқаққа қарсы вакцинациялау.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

Облыстың ардақты ардагері еді...



Күні кеше ғана 81 жасқа қараған шағында Қарасай ауданының Құрметті азаматы, Алматы облысының Құрметті ардагері және бірнеше төсбелгілердің, көптеген марапаттардың иегері, аяулы да ардақты әкеміз Базаргелді Кенжебекұлы Анисовтан айырылып қалдық.

Аяулы әкеміз Қарасай өңірінің тумасы. 1960 жылы жылқышы болып еңбек жолын бастаған. Одан кейін сауда саласына бет бұрады. Жарты ғасырдан астам өмірі осы салада өтеді. Басшылық лауазымына да ие болады. Оның өз ісінің білгірі болып, абырой арқалағанын ел мақтағанда біздің еңсеміз көтеріліп қалады. Ал, 2016 жылдан 2025 жылға дейін «Жібек жолы» ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы болып жемісті еңбек етті. Аяулы әкеміз Базаргелді Анисов біздің әрдайым мақтанышымыз болып қала береді.

Бекем едің бел буатын намысқа,
Осы тағдыр бізге тұр ма бұйырып,
Әке бізден кетіп қалдың алысқа,
Әке бізден кетіп қалдың алысқа.
Әрқашан да бала-шағаң сыйын ұқ.
Ойсырап-ақ орның қалды қайтейік,
Әке Сіздің орның бөлек біз үшін,
Алып кетті-ау, ажал деген нән ұста.
Біз жүреміз әруағыңа сиынып!!!

Әруағыңа тағзым етушілер: балалары,
қыздары, келіндері.
Қарасай ауданы,
Көлашы ауылы.

Аудандық және қалалық ардагерлер ұйымы Қарасай ауданының Құрметті азаматы, Алматы облысының Құрметті ардагері
Базаргелді Анисовтың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туыскандарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500
Тапсырыс №1087
Индексі – 65472.